

## Мүгедектер және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 451 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 шілдеде № 2996 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 12.02.2016 № 23 қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13), 14), 14-1), 14-3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-2), 5-5) тармақшаларына сәйкес Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедектер үшін жұмыс орынының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларға және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін бір пайызы мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Лдибаевқа жүктелсін.

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Мүсәпірбеков*

